«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Алматы облысы бойынша филиалы	Абылов Кадыржан Абдукаримович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы	Ертысбаев Абзал Амангельдинович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Павлодар облысы бойынша филиалы	Аманжолов Булат Аменович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қостанай облысы бойынша филиалы	Жумашев Айбек Мирашович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы	Ахметбеков Серик Маркенович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы	Тюмебаев Бауржан Мурадович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы	Абенов Сакен Рахметович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы	Нысанғалиев Ерлан Беркинович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Ақмола облысы бойынша филиалы	Кажохметов Дауренбек Ниязбекович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы	Сейтбеков Нурғали Енсебекович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы	Жунусов Кирилл Альбекович
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Бекбауова Дана Бахытовна
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Атырау облысы бойынша филиалы	Куталиев Тимур Тарихович

### 3. ЭМИТЕНТТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ЖӘНЕ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ

#### 18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

- 1) 2015 жылғы 01 қарашадағы жағдай бойынша Эмитент акцияларының (орналастырылған және дауыс беруші) он және одан да көп пайызын иеленген акционерлерлері (қатысушылары) туралы ақпарат.

17-кесте. Эмитенттің акционерлері.

Акционерлер-заңды тұлғалардың толық атауы немесе акционерлер-жеке тұлғалардың Т.А.Ә.	Акционерлер-заңды тұлғалардың орналасқан жері немесе акционерлер-жеке тұлғалардың төлқұжат деректемелері және тұрғылықты жері	Акционерге тиесілі акциялардың жалпы саны
«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы	010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Кенесары даңғылы, 36	100%

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады, оның атынан Холдингтің мемлекеттік акциялар топтамасына иелік ету және пайдалану құқығын іске асыратын және Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен акционердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүддесін білдіретін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі. Холдинг Қазақстан Республикасы Президентінің 11.12.2006 жылғы № 220 «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы» Жарғысына сәйкес құрылды.

- 2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдары арқылы Эмитенттің қызметін бақылау құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер.

Егер эмитент банк болып табылған жағдайда, осы тармақта, осы тармақтың 1)-2) тармақшаларында аталған ақпараттардан басқа, банктің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленген, банктің орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама дауыс беруге не банк шарттың күшімен немесе өзге жағдаймен эмитент қабылдаған шешімге ықпал етуге мүмкіндігі бар акционерлер туралы ақпаратты көрсету керек.

Эмитенттің акционерлері болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы Эмитенттің қызметін бақылау құқығы бар тұлғалар жоқ.

19. Эмитенттің заңды тұлғаларының толық атауын, орналасқан жерін, оның жарғылық капиталындағы Эмитенттің акцияларының (үлестерінің) пайыздық қатынасын, қызмет түрін, аты-жөнін және бірінші басшысының атын көрсете отырып, акциялардың (үлестердің) он және одан да көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы мәліметтері.

18-кесте. Эмитент акцияларының он және одан да көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы мәліметтер.



Заңды тұлғаның толық атауы	Орналасқан жері	Эмитентке тиесілі акциялардың (Жарғылық капиталдағы үлестердің) пайыздық қатынасы	Қызмет түрі	Бірінші басшының Т.А.Ә.
«Ақсу-Капал» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы обл., Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5	15%	Кредиттік серіктестік	Ж.Ж. Койбекова
«КТ «Бесқарағай неси» ЖШС	Қазақстан Республикасы, ШҚО, Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Сейфуллин көшесі, 144 «а»	35%	Кредиттік серіктестік	К.К. Кайдаулов

**20. Эмитент қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.**

2015 жылғы 01 қарашадағы жағдай бойынша Эмитент келесі ұйымдарға қатысады:

- Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы.

**21. Эмитенттің басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.**

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес аффилиирленген тұлғалардың тізбесі осы проспектінің 1-Қосымшасында келтірілген.

**22. Эмитенттің аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен соңғы жылы жасалған мәмілелер.**

Эмитенттің аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен соңғы жылы жасалған мәмілелер жоқ.

**22-1. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде аффилиирленгендігін тану үшін негізді және оның туындаған күнін көрсете отырып секьюритилендіру мәмілесі тараптарының аффилиирленгендігі туралы ақпарат ашылады.**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

#### 4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

##### 23. Эмитент қызметінің жалпы үрдістері, оның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша қысқаша сипаты.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қызметінің негізгі бағыттары:

1. Ауыл шаруашылығы секторын қолдау бойынша үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыру;
2. Агроөнеркәсіптік кешендегі меншікті жобаларды жүзеге асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;
3. Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыру;
4. Берілген қаражатты өтеу есебінен алынған кепіл мүлкі мен ауыл шаруашылығы өнімін өткізу;
5. Тиісті лицензия негізінде банктік қарыз операцияларын іске асыру;
6. Лизинг қызметін іске асыру;
7. Жарғымен көзделген Эмитенттің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін заңнамалық актілермен тыйым салынбаған қызметтің өзге түрлері.

Эмитент мемлекеттік және тартылған қаражат есебінен келесі бағыттар бойынша агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) қолдайды.

- кредиттік серіктестіктерді кредиттеу;
- ауылдық тұтыну кооперативтерін, шаруашылық серіктестіктерді, акционерлік қоғамдарды және өндірістік кооперативтерді кредиттеу;
- ауылдық жердегі кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін кредиттеу;
- ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу және азық-түлік өндірісі кәсіпорындарын кредиттеу;
- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мал шаруашылығын дамыту үшін кредиттеу;
- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізу үшін кредиттеу;
- коммерциялық қаражат есебінен ауыл шаруашылығы саласындағы жобаларды кредиттеу.

2014 жылдан бастап «Алтын Асық» қой шаруашылығын және «Құлан» жылқы шаруашылығын дамыту бойынша жаңа бағдарламалар жүзеге асырылуда. «Алтын Асық» бағдарламасы бойынша барлығы 1,2 млрд. теңге сомаға 114 жоба қаржыландырылды, «Құлан» бағдарламасы бойынша 8,0 млрд. теңгеден астам сомаға жобалар қаржыландырылды.

2015 жылдың басынан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ кейіннен АӨК субъектілерін кредиттеу үшін екінші деңгейлі банктерді қаржыландыру бойынша жаңа бағдарламаны іске асыруда. Ағымдағы жылдың он айында екінші деңгейлі банктерді (бұдан әрі – ЕДБ) қаржыландырудың жалпы сомасы 12,3 млрд. теңгені құрады. Сондай-ақ жайылымдарды суландыру инфрақұрылымының құрылысын кредиттеу бағдарламасы іске асуда. Сомасы 23,5 млн. теңгеге алты жоба қаржыландырылды.

Сонымен қатар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Жедел-несие» бағдарламасы бойынша кепілсіз кредиттеуді жүзеге асырады. Жүзеге асыру барысында кредиттік серіктестіктерге барлығы 76 млн. теңгеден артық кредит берілді. Сондай-ақ ауыл

шаруашылығы шикізатын өңдеу және азық-түлік өндірісі кәсіпорындарын кредиттеу аясында 13,6 млрд. теңгеден артық сомаға жобалар қаржыландырылды.

Холдингтің болжамдары бойынша, 2015 жылы холдингпен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуге (ауыл шаруашылығы техникасының лизингін қоса) жалпы қаржыландыру 97 млрд. теңгеден кем болмайды.

Сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Кедендік Одақ мемлекеттерінің нарығына шығу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу жобаларын қаржыландырады. 2014 жылы Өскеменде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мен сүт өнімінің 50 артық атауын шығаратын «Эмиль» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) сүт өңдейтін жаңа жабдықты сатып алу үшін жеңілдікпен кредиттеу туралы шарт жасады. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ нақты осы бизнестің өзіндік ерекшеліктеріне бағытталған барынша тиімді шарттарды ұсынады: кәсіпорын мүмкіндігіне шамаланған өтеу кестесі, қаржыландыру мерзімі, тиімді сыйақы ставкасы, борыштық жүктеме. Бұл өзге қаржы институттарымен салыстырғанда өтеудің барынша жеңілдікті шарттары болып отыр. Агрокредиттеу бағдарламасының арқасында Шығыс Қазақстанның фермерлері ұзақ мерзімді қаржыландыруға қол жеткізіп отыр.

Агроөнеркәсіптік кешен кредиттік серіктестіктерінің қауымдастығы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-мен бірлесіп 2015 жылғы 10 наурыздан бастап «Ауылдық кредиттік серіктестіктер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру» жобасын жүзеге асыруды бастады.

Жобаның басты мақсаты – мемлекет ұсынатын және нарықтағы қаржы құралдарын белсенді пайдалану жолымен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кредиттеуде кредиттік серіктестіктердің рөлін нығайту. Кредиттік серіктестіктер (бұдан әрі – КС) еліміздің ауылдық жерлерінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін (бұдан әрі – АШТӨ) арзан кредиттік ресурстармен қамтамасыз ету үшін 2001 жылы мемлекеттің қолдауымен құрыла бастады. Қазіргі таңда Қазақстанда 170-ке жуық КС жұмыс жасауда, олар 11 мыңға тарта АШТӨ-ні біріктірген. Олардың 82% шаруа қожалықтары санатына, 10% – ЖШС-ке, 8% – өзге санаттарға (АҚ, ӨК, ЖК және т.б.) жатқызылады. КС еліміздің 93% ауылдық аймақтарында әрекет етеді. Олардың барынша көп саны – Ақмола облысы мен ОҚО-да – 18-ден, сондай-ақ Алматы облысы мен ШҚО-да – 17-ден тіркелген. Бұдан басқа, КС ауылдық пункттер жақын орналасқан кейбір қалаларда құрылған, мысалы, Қызылорда, Семей және т.б. қалаларда.

КС жарғылық капиталдарының жиынтық көлемі 9 млрд. теңгеге жуық. Соңғы жылдары «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ тарапынан КС жыл сайынғы кредиттеудің көлемі тұрақты түрде өсу үстінде. Осылайша, КС қаржыландыру сомасы 2012 жылы 15,5 млрд. теңге, 2013 жылы 19 млрд. теңге шамасында болды, ал 2014 жылы бұл сома 25,8 млрд. теңгеге жетті.

## **Эмитенттің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері:**

*1-стратегиялық бағыт.*

Индустрияландыру мен әртараптандыру арқылы АӨК-дегі еңбек өнімділігі өсімін ынталандыру.

1-мақсат. Заманауи агротехнологияларды пайдалану арқылы жоғары технологиялық (инновациялық) жобаларды қаржыландыру есебінен еңбек өнімділігін өсіру.

Міндеттері:

- 1) АӨК-дегі салалық басымдылықтарға сәйкес Эмитенттің инвестициялық саясатын қалыптастыру;
- 2) АӨК субъектілерін, инвестициялық, о.і. инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін қаражат тарту;
- 3) АӨК кластерлік дамуына жәрдемдесу;
- 4) «жасыл технологияларды» енгізуге жәрдемдесу.

*2-стратегиялық бағыт.*

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу.

1-мақсаты. Астана мен Алматы қалалары айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыруды ынталандыру.

Міндеті:

- 1) Астана мен Алматы қалалары айналасында азық-түлік белдеуі аясында АӨК субъектілерін қаржыландыру;

2-мақсаты. АӨК субъектілерін ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру, сатып алу мен өңдеуге негізгі құралдарды сатып алуы мен айналым қаражатын толтыруы үшін қаржы ресурстарымен уақытылы қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- 1) АӨК субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізу, ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу мен іске асыру үшін қаржыландыру;
- 2) Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу мен азық-түлік өндірісі бойынша кәсіпорындарды:
  - жоғары технологиялық (инновациялық) жабдықты сатып алуға;
  - айналым қаражатын толтыруға қаржыландыру.

*3-стратегиялық бағыт.*

АӨК экспорттық әлеуетін дамыту мен іске асыруға жәрдемдесу.

1-мақсаты. АӨК экспорттық әлеуетін дамыту.

Міндеттері:

- 1) Эмитент қаржыландырған ет пен ет өнімдерінің өндірісі бойынша экспортқа бағдарланған инвестициялық жобалардың мониторингі;

- 2) астықты сақтау мен оның экспортына арналған инфрақұрылымды кеңейту;
- 3) Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мал шаруашылығын, о.і. отарлы мал шаруашылығын дамыту үшін кредиттеу жолымен ынталандыру.

*4-стратегиялық бағыт.*

АӨК субъектілерін қолдау бойынша қызметтердің қол жетімділігін арттыру.

1-мақсаты. АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру.

Міндеті:

- 1) Эмитенттің АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру процесіне қатысуы.

2-мақсаты. АӨК қолжетімді қаржылық, өндірістік және сервистік инфрақұрылымын дамыту.

Міндеттері:

- 1) АӨК субъектілерін, оның ішінде КС, Бірлестіктер, АШЖБ мен т.б. қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету;
- 2) АӨК субъектілерінің кредит ресурстарына қолжетімділігін екінші деңгейлі банктерді және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттейтін өзге ұйымдарды қорландыру жолымен кеңейту.

*5-стратегиялық бағыт.*

Эмитенттің корпоративтік басқару сапасы мен қызметінің айқындылығын арттыру.

1-мақсаты. Эмитент активтерін басқарудың тиімділігін арттыру.

Міндеттері:

- 1) өз капиталы мен активтерді пайдалану тиімділігін арттыру;
- 2) қаржыландырылған жобалар мониторингі жүйесін жетілдіру;
- 3) несие портфелінің сапасын басқару;
- 4) Эмитент қызметіндегі тәуекел-менеджменттің маңызын арттыру;
- 5) Борышқорлық жүктеме коэффициенттерін белгілеу және оның мониторингі арқылы Эмитенттің борышқорлық міндеттемелерін басқару;
- 6) Эмитентке инновацияларды енгізу мен дамыту;
- 7) Эмитенттің кредиттік рейтингтерін қолдау.

2-мақсаты. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін өсіру.

Міндеттері:

- 1) Холдингтің жаңа басым міндеттеріне сәйкес Эмитенттің ұйымдық құрылымын оңтайландыру;
- 2) агробизнеске қызметтерді ұсыну бойынша бизнес-процестерді оңтайландыру;
- 3) адами әлеуетті дамыту және Эмитенттің еңбекақы төлемінің бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру.

3-мақсаты. Эмитент қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- 1) Холдинг пен оның еншілес акционерлік қоғамдарының бірыңғай брендин әзірлеу және оны жылжыту;
- 2) Эмитенттің басқару органдарына қоғамдық ұйымдардың өкілдерін және шетел мамандарын қосу;
- 3) Холдинг пен оның еншілес акционерлік қоғамдарының ақпараттық-имидждік қызметін БАҚ-та активтендіру.

### **Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.**

Эмитенттің негізгі қызметі АӨК субъектілерін қаржыландыру және АӨК-де сатып алу, сервистік, маркетингтік қызметті іске асыру болып табылады. АӨК субъектілерін қаржыландыру нарығында Эмитенттің негізгі бәсекелестері – қаржы институттары (екінші деңгейлі банктер, жеке лизинг компаниялары, микроқаржылық ұйымдар) болып табылады.

Нарықтың басқа қатысушыларымен салыстырғанда негізгі бәсекелестік басымдылықтар – АӨК дамытуға мемлекеттік қаражатты тарту мүмкіндігімен және ішкі және сыртқы капитал нарықтарынан біршама «арзан» қарыз алумен шарттасқан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кредиттеудің төменірек құны және қаржыландырудың ұзағырақ мерзімдері болып табылады. Эмитенттің екінші деңгейлі банктерден елеулі айырмашығы кредиттік ресурстардың АӨК-де шоғырлануында, бұл салалық тәуекелдердің кредиттік қызметке жоғары ықпалын көрсетеді.

### **Эмитент қызметін Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық және бұл мүмкін болса орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстыру сипаттамасы.**

Эмитент Қазақстанның қаржыландыру саласындағы ауыл шаруашылығы секторына ірі қызмет көрсетушісінің бірі болып табылады, өйткені ол кредиттеу, микрокредиттеу мүмкіндіктерінің сан алуан түрін, сондай-ақ оларды тұтынушылардың нақты қажеттіліктері үшін мұқият әзірленген кредит өнімдерін ұсынады.

Эмитент, нарықтың басқа қатысушыларымен салыстырғанда, қарыз алушылардың одан да кең ауқымына, оның ішінде қаржыландыруға өзге жолдармен қол жеткізе алмайтын қарыз алушыларға кредиттер ұсыну және қаржылай жалға беру мүмкіндігіне ие. Сондай-ақ жеңілдікті ставкалар бойынша осындай қаржыландыруға Эмитенттің қол жетімділігі оған нарықтағыға қарағанда әдетте тиімдірек, бірақ Эмитентке пайда әкелетін ставкалар бойынша және мерзімге ақшалай қаражатты ұсынуға мүмкіндік береді.

Эмитенттің ауыл шаруашылығына беретін қарыздарының негізгі үлесі ұзақ мерзімді немесе ұзақ қарыздарды құрайды, бұл негізгі құралдардың жаңартылуын, қорлардың күрделі құралдандыруын талап ететін ауыл шаруашылығының ағымдағы жағдайы үшін

маңызды. Бұл ретте АӨК субъектілері арасындағы ұзақ ақша танымалдылығы, біріншіден, жобалар өтелімділігінің біршама ұзақ мерзімімен, жеңілдікті кезеңді, икемді пайыздық ставкаларды белгілеу мүмкіндігімен түсіндіріледі.

### **Саланың болашақ дамуына және аталмыш саладағы эмитенттің жағдайына қатысты болжам.**

Кең алқапты ауыл шаруашылығы жерлерінің болуы Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік кешенді қарқынды дамыту үшін мүмкіндік жасайды. Азық-түлікке әлемдік сұраныстың өсу жағдайында Қазақстанның АӨК жүзеге асырылмаған әлеуеті ауыл шаруашылығы мен өңдеу саласына құйылатын инвестициялардың өсуі үшін маңызды ынталандыру факторы болып табылады. Бұл Қазақстанға жетекші әлемдік азық-түлік өндірушілерінің қатарына еруге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы дәстүрлі түрде баға жағдайына, ауа-райы факторларына және өзге ауыл шаруашылығы (эпизодиялық, карантиндік, фитосанитариялық) тәуекелдеріне жоғары тәуелді болғандықтан экономиканың жоғары тәуекелді саласы болып саналады. Осыған орай, астық нарығындағы ауытқулар бойынша дәл болжамдық бағаны беру мүмкін емес.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі АӨК-дегі тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің нақты және қаржылық қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған «Агробизнес-2020» салалық бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама 2020 жылы АӨК мемлекеттік қолдау көлемін субсидиялар арқылы 4,5 есеге көбейтуді көздейді. Бағдарлама аясында мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың жалпы көлемі 3,1 трлн. теңгені құрайды (Холдинг қарыздарын есепке алмай).

«Агробизнес-2020» бағдарламасының маңызды ерекшелігі қарыздар, лизинг бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау, инвестициялық субсидияларды ұсыну және қарыздарды кепілдендіру (сақтандыру) құралдарын енгізу арқылы АӨК инвестицияларын тартуды ынталандыруға бағытталғандығы болып табылады.

Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту бойынша өз бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыруда. «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту бағдарламасы» келесі көрсеткіштерді қамтиды:

- ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін 2016 жылға қарай 60 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда;
- 2016 жылға қарай ірі қара малды бір жолғы жемдеу бордақылау алаңдарының 150 мың орындық жүйесі құрылады;
- етті мал басын тұқымдық түрлендіру мақсатында 224 мың жалпы мал басы бар фермерлік қожалықтар құрылады;
- репродукторларды, кеңейтілген ұдайы өндірісті құру және жоғары өнімді мал басын көбейту мақсатында 2016 жылға қарай шетелдік селекцияның асыл тұқымды етті мал басының 72 мың басы әкелінетін болады.

«Сыбаға» бағдарламасы енгізілді, ол арқылы фермерлердің етті тұқымды жас төлдің ұдайы өндірісі үшін ірі қара малдың (ІҚМ) аналық басын және асыл тұқымды бұқаларды сатып алу үшін кредит алуға мүмкіндігі бар. Бұл ет өндірісінің көлемін көбейту үшін ірі қара малдың санын көбейтуге көмек береді. 2014 жылдан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ бағдарламаның жалғыз операторы болып табылады.

### *Эмитент болжамы*

2020 жылға қарай «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ екінші деңгейлі банктерді және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттейтін өзге қаржы ұйымдарын

қорландыруды, кредиттік серіктестіктер жүйесін дамытуды, басым бағыттар бойынша жобаларды қаржыландыруды, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ететін, отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдау аясында аграрлық секторды кредиттеу нарығындағы негізгі қаржы ұйымы болады.

Эмитент АӨК субъектілеріне қол жетімді қаржы құралдарын ұсыну жолымен ауыл шаруашылығы өндірісін индустрияландыру мен әртараптандыруға, аграрлық саланың еңбек өнімділігін арттыруға елеулі үлес қосу үстінде.

2020 жылға қарай Эмитент қызметі басқару менеджменті мен корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сай келеді.

#### **24. Эмитентпен жасасқан, салдарынан Эмитенттің қызметіне елеулі түрде ықпал ететін келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.**

- Жалпы сомасы 26 000 000 000 теңгеге «ҚазАгро» холдингі» АҚ-мен 18.05.2009 жылғы № 36 қарыз туралы негіздемелік келісімі (қосымша келісімдерді есепке ала отыра);
- Жалпы сомасы 200 000 000 теңгеге «Алматы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ-мен (Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.) 10.06.2009 жылғы № 1 кредит шарты;
- Жалпы сомасы 3 000 000 000 теңгеге KZP01Y03D951 саны 3 000 000 дана 18.03.2011 жылғы № D95-1 1-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 1-ші шығарылымы;
- Жалпы сомасы 3 000 000 000 теңгеге KZP01Y03D959 саны 3 000 000 дана 22.11.2012 жылғы № D95-2 1-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 2-ші шығарылымы;
- Сомасы 7 000 000 000 теңгеге «Сбербанк России» АҚ ЕБ-мен 04.12.2013 жылғы № 13-0032ЦО жаңартылатын кредит желісін ұсыну туралы шарты;
- Жалпы сомасы 10 000 000 000 теңгеге KZP01Y09E709 саны 10 000 000 дана 24.06.2014 жылғы № E70-1 2-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 1-ші шығарылымы;
- Жалпы сомасы 8 829 500 000 теңгеге «ҚазАгро» холдингі» АҚ-мен 11.02.2015 жылғы № 9 қарыз шарты;
- Жалпы сомасы 10 000 000 000 теңгеге «ҚазАгро» холдингі» АҚ-мен 27.05.2015 жылғы № 80 қарыз шарты;
- Жалпы сомасы 20 000 000 000 теңгеге KZP01Y09E709 саны 20 000 000 дана 29.05.2015 жылғы № E70-2 2-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 2-ші шығарылымы;
- Жалпы сомасы 16 500 000 000 теңгеге «ҚазАгро» холдингі» АҚ-мен 10.12.2012 жылғы № 148 қарыз туралы негіздемелік келісімі (қосымша келісімдерді есепке ала отыра).

#### **25. Эмитент қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер.**

Эмитент ұлттық және шетелдік валютада банк операцияларын жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің 2013 жылғы 05 қарашадағы № 5.2.24 лицензиясына ие, ол келесі банк операцияларын жүргізуге құқық береді: ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен ақшалай нысанда кредит беру.



**26. Соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істелген кезеңде сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызмет көрсетудің) нақты немесе сандық өлшем бірліктерімен көрсетілген көлемі.**

20-кесте. Эмитенттің сатылған өнімінің көлемі, мың теңге

Атауы	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж. 9 айы	2014 ж. 9 айы	2015 ж. 9 айының 2014 ж. 9 айына өзгерістерді талдау (%)
Берілген кредиттер көлемі	72 188 367	53 514 000	56 947 191	30 406 796	187 %

Эмитенттің мәліметтеріне сәйкес, 2015 жылдың тоғыз ай қорытындылары бойынша берілген кредиттердің көлемі 56,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2014 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,88 есе (187%) өсіміне сәйкес келеді. Аталмыш өсім кредиттеудің өнімдік желісінің кеңеюімен, о.і. ЕДБ кредиттеу бағдарламасының іске қосылуымен, сондай-ақ кредиттеу шарттарының тартымдылығына орай қарыз алушылардың барынша көп тартылумен шарттасқан.

**27. Эмитенттің негізгі қызметінің түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар:**

21-кесте. Эмитенттің сыртқы және ішкі ортасын SWOT-талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Эмитентті мемлекеттік қаржыландыру;</li> <li>• Ауыл шаруашылығы өндірісін кредиттеуді мемлекеттік қолдау саласында заңнамалық базаның болуы;</li> <li>• Банк операцияларын өткізу үшін лицензияның болуы;</li> <li>• «Standard &amp; Poor's» халықаралық рейтинглік агенттігінің «тұрақты» болжамымен кредиттік рейтингтерді тағайындауы;</li> <li>• Кредиттеудің жеңіл талаптары және кредиттік ресурстарға қол жетімділік;</li> <li>• АӨК субъектілерінің қалыптастырылған клиенттік базасы, жинақталған тәжірибе;</li> <li>• Аймақтық желілердің болуы;</li> <li>• ИСО 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесі сертификатының болуы;</li> <li>• Корпоративтік басқару кодексін қолдану;</li> <li>• Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық және бухгалтерлік есептілікті жүргізуі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қиыншылықтарға байланысты елдің банк жүйесі елдің АӨК дамыту ресурстарының толыққанды көзі бола алмайды;</li> <li>• Еліміздің АӨК үшін инвестициялық капиталды ұсыну көлемдері бойынша отандық инвесторлардың мүмкіндіктері халықаралық әріптестерімен салыстырғанда өте шектеулі;</li> <li>• Бюджеттік қаржыландырумен байланысты кредиттік ставкалар мөлшерінің шектеулілігі;</li> <li>• Қаржы құралдарының бір бағыттылығына (аграрлық саланы кредиттеуге) байланысты несие портфелін әртараптандырудың болмауы.</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіптер</b>

<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кредиттеу бойынша дамыған елдердің үздік және озық тәжірибесін қолдану мүмкіндігі;</li> <li>• АӨК дамыту үшін түрлі көздерден, оның ішінде сыртқы көздерден қарыздар мен инвестицияларды тарту мүмкіндігі;</li> <li>• Бағдарламалық қамтамасыз етумен автоматтандырылған ақпараттық жүйені енгізу (опер-күн, кредиттік модуль);</li> <li>• Менеджментті және кадрлық әлеуетті күшейтумен Эмитенттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік;</li> <li>• ауыл шаруашылығы өнімін өткізу нарығының тұрақсыздығы, ол негізгі жеткізуші-елдердің экспорттық мүмкіндіктеріне және тұтынушы елдердің (мысалы, мақта, бидай, мен зәйтүн дақылдарына) қажеттіліктеріне байланысты айқындалатын әлемдік бағалармен байланысты;</li> <li>• Ауылдық жердегі қарыз алушылардың қолындағы мүлікке сұраныстың төмендігімен, жер нарығының жоқтығымен, ауыл шаруашылығының негізгі қорлары тозуының жоғары дәрежесімен айқындалатын кепілмен қамтамасыз етудің төмен өтімділігі;</li> <li>• Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу бойынша қазіргі заманғы өндірістердің шектеулі саны;</li> <li>• Айналым қаражатының жеткіліксіздігі және ауыл шаруашылығы өнімін өңдейтін өнеркәсіп жабдығының қатты тозуы;</li> <li>• Халықаралық қаржылық нарықтағы проблемалардың салдарынан тартылатын қаражат бойынша пайыздық ставкалардың артуы және инфляциялық жүктеменің ұлғаюы;</li> <li>• Ауыл шаруашылығы өндірісінде өндірістік және мүліктік тәуекелдердің аяғына дейін қалыптастырылмаған сақтандыру нарығы.</li> </ul> <p>Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметіне сапалы аудитті өткізу үшін Дүниежүзілік банк белгілеген тізімге қосылған халықаралық аудиторлық компанияны тарту. Бұл Эмитенттің ішкі және сыртқы нарықтарға қатысу мүмкіндігін көтеруге септігін тигізеді.</p>
--	--

## **28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.**

Эмитенттің барлық жеткізілімінің он және одан көп пайызы тиесілі болатын жеткізушілерінің атауы және орналасқан жері, олардың үлестері пайызбен көрсетіледі.

Өнімді сатудан түскен жалпы түсімнің он және одан көп пайызынан астамы тиесілі болатын қызметті тұтынушылардың атауы және орналасқан жері, олардың үлестері пайызбен көрсетіледі.

Эмитент Қазақстан Республикасының банктік заңнамасымен көзделген операцияларды жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің лицензиясына сәйкес кредиттік ресурстар ұсыну түрінде қызмет көрсетеді.

## **29. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар.**

- 1) Эмитент қызметінің маусымдылығы, Эмитент қызметінің маусымдық сипаттағы түрлері және олардың Эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі.

Эмитент қызметі маусымдық сипатқа ие емес. Дегенмен, ауыл шаруашылығының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, кредиттік қаражат көктем мен күз мерзімдерінде барынша белсенді түрде беріледі.

- 2) **Импорттың эмитентке жеткізілген (көрсетілген) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтегі) үлесі және эмитенттің экспортқа сатқан өнімінің (жұмыстарының, қызметінің) сатылған өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі.**

Көрсетілетін қызметтерде импорттың/экспорттың үлесі жоқ.

- 3) **Облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы тиіс (жасалған) немесе орындалуы тиіс (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер осы мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса.**

Эмитент облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде сомасы Эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын мәмілені (мәмілелерді) жасауды жоспарламайды.

- 4) **Эмитенттің қызметіне тері әсерін тигізуі мүмкін болашақ міндеттемелер.**

Эмитенттің болашақтағы негізгі міндеттемелері және осы міндеттемелер эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін теріс ықпалы ашылады, оның ішінде осы эмитент, облигациялардың саны, кепілдік беру шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылымның валютасы туралы ақпаратты қоса отырып, өзге эмитенттердің үшінші тұлғалардың кепілдік беруімен қамтамасыз етілген облигациялары бойынша эмитенттің кепілдік беруі туралы.

Эмитенттің қызметіне тері әсерін тигізуі мүмкін болашақ міндеттемелер жоқ.

- 5) **Эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер.**

Эмитенттің қатысуымен өткен, нәтижесінде эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі, оған ақшалай және өзге де міндеттемелер берілуі мүмкін сот процестерінің мәніне сипаттама ұсыну.

2015 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Эмитент 100 сот ісіне қатысады. Әрбір сот ісі бойынша сомалар үлкен емес және жекелей әрбір сот ісі Эмитент қызметінің тоқталуына немесе шектелуіне әкелмейді.

- 6) **Уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Санкция қолданылған күнді, санкция қолданған органы, санкция қолдану себептерін, санкцияның түрлерін және мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу дәрежесін көрсету керек.**

22-кесте. Мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде Эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер (01.11.2014 ж. – 01.11.2015 ж.).

№	Санкция түрлері	Санкция салынған құжаттың атауы	Санкция сомасы	Салынған санкцияны төлеу туралы құжаттың атауы, нөмірі және күні
1	2	3	4	5

1	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22060/2014 қаулысы	926 000 (тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000901 төлем тапсырмасы
2	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22059/2014 қаулысы	926 000 (тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000902 төлем тапсырмасы
3	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22058/2014 қаулысы	926 000 (тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000903 төлем тапсырмасы
4	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-23361/2014 қаулысы	370 400 (үш жүз жетпіс мың төрт жүз) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000904 төлем тапсырмасы
5	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22061/2014 қаулысы.	926 000 (тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000905 төлем тапсырмасы
6	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22085/2014 қаулысы	5 926 000 (бес миллион тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000906 төлем тапсырмасы
7	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22043/2014	370 400 (үш жүз жетпіс мың төрт жүз) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000907 төлем тапсырмасы
8	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22047/2014 қаулысы	370 400 (үш жүз жетпіс мың төрт жүз) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000908 төлем тапсырмасы
9	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22056/2014 қаулысы	926 000 (тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге	29.01.2015 ж. № 00000000909 төлем тапсырмасы
10	Әкімшілік айыппұл	Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 17.11.2014 ж. № 3-22057/2014 қаулысы	926 000 (тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге	29.01.2015 ж. № 0000000091 төлем тапсырмасы
11	Әкімшілік айыппұл	29.04.2015 ж. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы	396 400 (үш жүз тоқсан алты мың төрт жүз) теңге	21.05.2015 ж. № 00000005223 төлем тапсырмасы

## 7) Тәуекел факторлары.

**Облигация ұстаушылар ұшырайтын тәуекел факторларын егжей-тегжейлі талдауды беру.**

Эмитенттің қызметіне тәуекелдер тән. Эмитент тұрақты белгілеу, бағалау және байқау үдерісі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және ішкі бақылаудың өзге шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқарады. Тәуекелдерді басқару үдерісінің Эмитенттің тұрақты рентабельдігін сақтау жолында шешуші мәні бар және Эмитенттің әрбір жеке

қызметкері өзінің немесе оның міндеттемелерімен байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады. Эмитенттің кредит тәуекеліне, өтімділік тәуекеліне, нарықтық тәуекелге және алдын ала төлеу тәуекеліне ұшырау мүмкіндігі бар. Сондай-ақ Эмитент операциялық тәуекелдерге ұшырауы мүмкін.

Қызметті жүргізу тәуекелдерін тәуелсіз бақылау үдерісі, мысалы, ортаның, технологияның өзгеруі немесе саладағы өзгерістер. Мұндай тәуекелдерді Эмитент стратегиялық жоспарлау үдерісі барысында бақылайды.

Кредит тәуекелі – Эмитент оның клиенттері өз шарттық міндеттемелерін орындамау нәтижесінде туындаған шығындарды өтеу тәуекелі. Эмитент жеке контрагенттер бойынша, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген лимиттерін сақтау мониторингі көмегімен қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу жолымен кредит тәуекелін басқарады. Кредит тәуекелінің бір немесе компаниялар арасында аффилирленген топтарда шоғырлануынан сақталу үшін Эмитенттің меншікті капиталынан 23% мөлшерде лимит белгіленді. Банктер арасындағы операциялар бойынша контрагенттер банктеріне лимиттер Холдингпен белгіленеді.

Эмитент оның жеке бөлімшелері жүзеге асыратын қамтамасыз ету мөлшерін мезгілді қарауды қоса, контрагенттердің кредиттік қабілеттілігіндегі мүмкін өзгерістерді алдын ала анықтауды қамтамасыз ету үшін кредит сапасын тексеру рәсімін әзірледі. Контрагенттер бойынша лимиттер әрбір контрагентке кредиттік рейтингті беретін кредит тәуекелін бағалау жүйесін қолданумен белгіленді. Кредит сапасын тексеру рәсімі Эмитентке тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Өтімділік тәуекелі – Эмитенттің өз міндеттемелерін жай немесе әділ емес шарттармен өтеу мерзімі басталған жағдайда төлемдер бойынша орындай алмау тәуекелі. Бұл тәуекелді шектеу мақсатымен Эмитенттің басшылығы түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті, болашақ ақша ағынының күн сайынғы мониторингі мен өтімділігін есепке ала отыра, активтермен басқаруды жүзеге асырады.

Нарықтық тәуекел - қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағынының әділ құны пайыздық ставкалар және валюталық бағамдар сияқты нарықтық параметрлердің өзгеруі салдарынан тербелетін тәуекел.

Функционалдық тәуекелдер – төлем жүргізуге, қарыз туралы шарттар ресімдеуге, кепілді бағалауға, т.б. байланысты тәуекелдер.

Салалық тәуекел – Эмитенттің негізгі қызметі, атап айтсақ, ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беруге байланысты тәуекел (егін шықпау, мал өлімі, құрғақшылық, ауыл шаруашылығы өніміне бағаның ауытқуы).

**8) Эмитенттің қызметі туралы, Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат жоқ.**

Эмитенттің қызметі туралы, Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат жоқ.

## 5. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

### 30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын материалдық активтердің түрлері.

23-кесте. Материалдық емес активтер, мың теңге

Материалдық емес активтер	Қалдықтық күн (өтемпұлды шығарумен бастапқы күн)	Қалдықтық күн (өтемпұлды шығарумен бастапқы күн)	Қалдықтық күн (өтемпұлды шығарумен бастапқы күн)
	31.12.2013 ж.	31.12.2014 ж.	30.09.2015 ж. *
Бағдарламалық қамтамасыз сету	216 742	206 628	199 517

\*аудиттелмеген

### 31. Баланстық құны негізгі құрал-жабдықтың жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құрал-жабдықтың түрлері.

24-кесте. Негізгі құрал-жабдықтар, мың теңге

Негізгі құрал-жабдықтар	Қалдықтық күн (өтемпұлды шығарумен бастапқы күн)	Қалдықтық күн (өтемпұлды шығарумен бастапқы күн)
	31.12.2013 ж.	31.12.2014 ж.
Жер	5 397	5 397
Ғимараттар мен құрылыстар	-	
Компьютерлер және ұйымдастыру техникасы	82 468	106 517
Көлік құралдары	40 562	41 950
Өзге	47 807	51 325
<b>Барлығы</b>	<b>176 234</b>	<b>205 189</b>

2012 жылы Эмитент бұрын әкімшілік персонал отырған ғимаратты операциялық жалға беру шешімін қабылдады. ҚЕХС (IAS) 40 сәйкес жалға беруден табыс табу үшін иелігіндегі, бірақ әкімшілік мақсаттарға қолдану үшін емес жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүлік анықтамасының талаптарына сәйкес келеді. Қолдану тәсілі өзгергеніне байланысты объектінің негізгі құрал-жабдықтардан инвестициялық жылжымайтын мүлікке өзгеруі мүмкін. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 74 599 мың теңге таза өтемпұл құны бар ғимаратты жалға беруден табыс табу үшін оны қолдану жалғастырылуда (2013 жыл: 80 614 мың теңге).

25-кесте. Негізгі құрал-жабдықтар. Жылжымайтын мүлікке инвестиция жұмсау, мың теңге

Негізгі құрал-жабдықтар Жылжымайтын мүлікке инвестиция жұмсау	Қалдықтық күн (өтемпұлды шығарумен бастапқы күн)	Қалдықтық күн (өтемпұлды шығарумен бастапқы күн)
	31.12.2013 ж.	31.12.2014 ж.
Ғимараттар мен құрылыстар	80 614	74 599

### 32. Инвестициялар.

Осы мәселе бойынша ақпарат мынадай құрылымда ұсынылуы тиіс: басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар, ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық портфель.

26-кесте. Инвестициялар, мың теңге

Инвестициялар	01.11.2015 ж.
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	0
Ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық портфель	0

### 33. Дебиторлық берешек.

Осы тармақта эмитенттің алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан көп пайызы мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымның атауын көрсете отырып дебиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің неғұрлым ірі он дебиторының тізімі ашылады.

27-кесте. Дебиторлық берешек, мың теңге

№	Дебитордың атауы	Мәміле жасау күні	30.09.2015 ж. дебиторлық берешек сомасы
1	АӨК КС қауымдастығы ЗТБ	11.02.2015	25,5
2	«ВСС Invest» АҚ	24.10.2012	8,7
3	«Newinttech» ЖШС	09.12.2014	1,2
4	Агроөнеркәсіптік кешендегі мем. инспекциясы комитетінің аумақтық инспекциясы	05.01.2015	0,49
5	Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекциясы	05.01.2015	0,18
6	«Астанинский почтамт» АФ	05.02.2015	0,06
7	«Интерфакс-Казахстан» ақпараттық агенттігі» ЖШС	02.02.2015	0,05
8	Өзге		19,2
	<b>Барлығы</b>		<b>55,5</b>

**33-1.** Әрбір активтің құны және тиісті шарттардың қолданылуы аяқталған күні көрсетілген, эмитенттің міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген, жалпы активтері көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын эмитенттің активтері туралы мәліметтер.

2015 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Эмитенттің міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға берілген, жалпы активтері көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын Эмитенттің активтері жоқ.

### 34. Эмитенттің жарғылық және меншікті капиталының мөлшері.

28-кесте. Жарғылық және меншікті капитал, мың теңге

Атауы	31.12.2013 ж.	31.12.2014 ж.	30.09.2015 ж.
Жарғылық капитал	74 227 371	94 227 371	94 227 371
Меншікті капитал	69 002 733	87 904 230	88 317 583

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасы отырысының 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 17 хаттамасына сәйкес 20 000 000 дана жай акцияларды қосымша шығару арқылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жарияланған акцияларының санын 94 227 371 дана жай акцияларға дейін ұлғайту туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде Эмитенттің жарғылық капиталы 2014 жылы 20 млрд. теңгеге ұлғайтылып, 94 227 371 мың теңгені құрады.

2015 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны 94 227 371 дананы құрайды. Әрбір жай акцияны орналастырудың құны 1 000 теңгені құрады.

### 35. Қарыздар.

Осы тармақта қолданылып жүрген банктік қарыздар және кредиттік желілер, олардың валютасы, сыйақы ставкалары, қамтамасыз ету түрлері туралы ақпарат ашылады. Жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсан бойынша бөлінуі тиіс, қалған сомалар жылдар бойынша бөліне отырып ұсынылады.

29-кесте. Қарыздар. Өтелуге жататын сомалар.

Қарыз ұсынған контрагент атауы	31.10. 2015 ж. жағдай бойынша сом (мың теңге)	Тарту валютасы	Пайыздық ставка	Қамтамасыз ету	Өтелуге жататын сомалар (мың теңге)			
					2015 жылғы III тоқсан	2015 жылғы IV тоқсан	2016 жылғы I тоқсан	2016 жылғы II тоқсан
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	340 000	KZT	1,0%	жоқ	20 848	20 798	20 756	20 706
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	16 140 000	KZT	9,0%	жоқ	138 496	367 087	363 669	6 479 998
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	3 000 000	KZT	8,61%	жоқ	65 293	65 293	399 343	58 676
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	8 438 500	KZT	0,5%	жоқ	8 471 222	-	-	-
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	12 149 785	KZT	1,02%	жоқ	869 308	151 740	288 657	884 017
"Алматы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" ММ	19 810	KZT	1%	жоқ	-	-	-	19 810
<b>Облигациялар</b>								
2-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 1-ші шығарылымы	10 000 000	KZT	8,5%	жоқ	-	425 000	-	425 000
1-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 2-ші шығарылымы	2 870 000	KZT	7%	жоқ	2 970 450	-	-	-
2-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 2-ші шығарылымы	11 794 787	KZT	8%	жоқ	471 791	-	471 791	-



### Өтелуге жататын сомалар (жалғасы)

Қарыз ұсынған контрагент атауы	31.10. 2015 ж. жағдай бойынша сома (мың теңге)	Өтелуге жататын сомалар (мың теңге)							
		2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	340 000	82 908	82 099	81 299	80 489				
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	16 140 000	15 187 603	952 500	885 000	827 856				
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	3 000 000	581 341	551 533	522 434	493 336	464 636	435 139	406 040	711 550
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	8 438 500								
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	12 149 785	2 178 716	2 105 664	1 682 577	1 700 158	1 677 371	1 326 250	609 741	
Алматы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" ММ	19 810	19 810							
Облигациялар									
2-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 1-ші шығарылымы	10 000 000	850 000	850 000	850 000	850 000	850 000	850 000	850 000	10 425 000
1-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 2-ші шығарылымы	2 870 000								
2-ші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 2-ші шығарылымы	11 794 787	943 583	943 583	943 583	943 583	943 583	943 583	12 738 700	

### 36. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешегі.

Осы тармақта эмитент өзінің кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан көп пайызы мөлшерінде берешегі бар ұйымның берешек сомасын және атауын көрсете отырып, кредиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің бірінші он неғұрлым ірі кредиторлық тізімі ашылады.

30-кесте. Кредиторлық берешек, мың теңге

№	Кредит берушінің атауы	Мәміле жасау күні	30.09.2015 ж кредиторлық берешектің сомасы (мың теңге)
1	«Азия Интеркоммуникации» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)	25.05.2015	40,6
2	«Corporate Business Systems» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)	04.05.2015	3,5
3	«Қазақтелеком» АҚ (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)	31.12.2014	2,9
4	«Ирбис Секьюрити» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)	12.01.2015	1,1
5	«Рекламное агентство FART» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.)	28.01.2015	0,9
6	«Тау-Жұлдызы-Шымкент» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.)	31.12.2014	0,8

№	Кредит берушінің атауы	Мәміле жасау күні	30.09.2015 ж кредиторлық берешектің сомасы (мың теңге)
7	ЖК «Нажикенова Г.Б.»	31.12.2014	0,7
8	«Рахат-ТВ» тәуелсіз телекомпаниясы ЖШС (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)	23.04.2015	0,6
9	ЖК Шиншиков М.В.	05.01.2015	0,5
10	ЖК «Изумруд» бағалаушы компаниясы (Қазақстан Республикасы, Тараз қ.)	10.02.2015	0,2
11	Өзге		98,6
	<b>Барлығы</b>		<b>150,4</b>

2015 жылдың бірінші тоқсанының соңындағы жағдай бойынша Эмитенттің ең ірі кредит берушісі «Азия Интеркоммуникации» ЖШС (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.) болып табылады. Эмитент алдындағы кредиторлық берешегінің мөлшері 40,6 мың теңгені құрады.

**36-1. Эмитенттің соңғы үш аяқталған қаржы жылы ішінде алған (шеккен) кірістің (шығынның) мөлшері (үш жылдың ішіндегі әр жылдың қорытындысы бойынша бөлігінде).**

31-кесте. Таза табыс, мың теңге

	31.12.2012 ж.	31.12.2013 ж.	31.12.2014 ж.
Есептік жыл үшін таза пайда	387 169	437 649	496 207

### 36-2. Левередж.

Осы тармақта эмитенттің левередж шамасы соңғы үш жылдың әр аяқталған қаржы жылының бірінші күнгі, сондай-ақ облигациялар шығарылымының (облигациялық бағдарлама) проспектісін беру алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

32-кесте. Левередж көлемі

Атауы	31.12.2012 г.	31.12.2013 г.	31.12.2014 г.	30.09.2015 г.
Міндеттемелер (мың теңге)	21 671 769	56 765 353	17 747 001	54 437 921
Меншікті капитал (мың теңге)	64 811 181	69 002 733	87 904 230	88 317 583
<b>Левередж</b>	0,33	0,82	0,20	0,62

**36-3. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы екі аяқталған қаржылық жылдың біреуі үшін эмитенттің қызметінен алынған ақшалай қаражаттың таза ағыны көрсетіледі.**

